

"ҚК-нің 67-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусымдағы N 4 нормативтік қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдедегі N 6 нормативтік қаулысы.

Жәбірленушімен татуласқаны үшін қылмыстық жауапкершіліктен босату жөніндегі қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының өзгеруіне байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы қаулы етеді:

"ҚК-нің 67-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусымдағы N 4 нормативтік қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қаулының атауындағы "ҚК-нің 67-бабын" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 67-бабын" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Кіріспедегі "кінәлі адамның" деген сөздер "қылмыс жасаған адамның" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 1-тармақта:

"кінәлі" және "алғаш рет" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Қылмыстық процесті жүргізуші орган кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адамға және жәбірленушіге Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК-нің) 67-бабына сәйкес татуласу құқығын, негіздері мен тәртібін түсіндіруге міндетті".

4. 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚК-нің 67-бабы кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыстар жасаған адамдарға қолданылады. Кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыстың санатын анықтау барысында ҚК-нің 10-бабының 2 және 3-бөліктерінің талаптары қатаң басшылыққа алынуға тиіс".

5. 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚК-нің 67-бабының 1-бөлігіне сәйкес кішігірім ауырлықтағы қылмыс жасаған адам мынадай негіздер жиынтығы болған жағдайда қылмыстық жауапкершіліктен босатылуға жатады:

а) жасаған әрекеті онша ауыр емес қылмыстар санатына жатса;

б) қылмыс жасаған адам жәбірленушімен татуласса;

в) қылмыс жасаған адам жәбірленушіге келтірілген зиянның есесін толтырса.

Бұл орайда адамның мұндай қылмысты алғаш рет жасағанының не оның әрекеттерінде қылмыстардың бірнеше мәрте жасалғанының, жиынтығының немесе қайталағанының, оның бұған дейінгі үкім бойынша жазасын өтегендігінің немесе жазасын өтеу барысында не сынақ мерзімі ішінде немесе үкімнің орындалуы кейінге қалдырылған кезде не мерзімінен бұрын-шартты босатылғанда жазаның қалған өтелмеген бөлігінде жаңа қылмыс жасағанының маңызы болмайды.

Заңның нақ осы нормасы бойынша орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адам, егер мынадай негіздердің жиынтығы болса, қылмыстық жауапкершіліктен босатылуға жатады:

- а) жасаған әрекеті орташа ауырлықтағы қылмыстар санатына жатпаса және адамның қайтыс болуымен немесе жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты болмаса;
- б) қылмыс алғаш рет жасалса;
- в) қылмыс жасаған адам жәбірленушімен татуласса;
- г) қылмыс жасаған адам жәбірленушіге келтірілген зиянның есесін толтырса.

Осы аталған негіздердің ең болмағанда біреуі орындалмаған жағдайда ҚК-нің 67-бабының 1-бөлігін қолдануға болмайды.".

6. Мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. ҚК-нің 67-бабының 2-бөлігі бойынша орташа ауырлықтағы кез келген қылмысты жасаған адам, әкеп соққан қылмыс салдарына, сондай-ақ оның әрекеттерінде қылмыстардың бірнеше рет жасалғанына, жиынтығына немесе қайталағанына қарамастан, мынадай негіздер болған жағдайда қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы мүмкін:

- а) жасаған әрекеті орташа ауырлықтағы қылмыстар санатына жатса;
- б) қылмыс жасаған адам жәбірленушімен татуласса;
- в) қылмыс жасаған адам жәбірленушіге келтірілген зиянның есесін толтырса.

Осы аталған негіздердің ең болмағанда біреуі болмаған жағдайда, ҚК-нің 67-бабының 2-бөлігін қолдануға болмайды.

ҚК-нің 67-бабында көрсетілген істі қысқарту негіздері жәбірленушімен татуласуына байланысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - ҚІЖК-нің) 32-бабының 2-бөлігімен, 33-бабымен, 37-бабының 1-бөлігінің 5, 6-тармақтарымен көзделген, қозғалуы және қысқартылуы ерекше тәртіппен қаралатын жеке айыптау істеріне қолданылмайды.".

7. 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Өлімге душар етуге немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтіруге байланысты емес орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адамға ҚК-нің 67-бабының 1-бөлігін қолдану туралы мәселені шешу кезінде бірінші рет жасалған қылмыс деп адамның шын мәнінде алғаш рет жасаған әрекеті не бірінші рет жасамаған, бірақ егер бұрын жасалған қылмысы үшін занда белгіленген тәртіппен қылмыстық

жауапкершілікten босатылған немесе жазадан толық босатылған не соттылығы жойылған немесе алынған әрекеті танылуға тиіс (ҚҚ-нің 77-бабы).

Екі және одан да көп қылмыс жасаған (бірнеше рет жасалған және қылмыстардың нақты жиынтығы жағдайларында), олардың бірде-бірі үшін жауапкершілік мәселесі шешілмеген адамды бірінші рет қылмыс жасаған деп есептеуге болмайды. Бұл орайда осы әрекеттердің әрқайсысы үшін қылмыстық қудалаудың бір істе немесе дербес қылмыстық істерде жүргізілуінің маңызы болмайды.".

8. 5-тармақта:

бірінші абзацтағы "кінәлі адамның" деген сөздер "қылмыс жасаған адамның" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. 6-тармақта:

бірінші абзацтағы "кінәлі адамның" деген сөздер тиісінше "қылмыс жасаған адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "кінәлі адам үзінші жағдайда ҚҚ-нің 67-бабының негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы мүмкін емес" деген сөздер "қылмыс жасаған адам үзінші жағдайда ҚҚ-нің 67-бабының негізінде қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы мүмкін емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "кінәлі адамды", "кінәлі адамға", "кінәлі адамның" деген сөздер тиісінше "қылмыс жасаған адамды", "қылмыс жасаған адамға", "қылмыс жасаған адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзацтағы "кінәлі адамның тікелей өзінің" деген сөздер "қылмыс жасаған адамның өзінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. 7-тармақта:

бірінші абзацтағы "кінәлі адамның" деген сөздер "қылмыс жасаған адамның" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Айыпталушыға (сотталушыға) материалдық талаптардың болмауына байланысты жазаны жұмсақту туралы жәбірленуші өтініш түсірген жағдайда, қылмыстық процесті жүргізуі орган қылмыс жасаған адам мен жәбірленушінің арасында татуласудың болғанын және ҚҚ-нің 67-бабын қолдану үшін қажетті өзге де негіздердің бар екенін анықтауға міндетті.".

11. 8-тармақта:

бірінші абзацтағы "кінәлі адамға" деген сөздер "қылмыс жасаған адамға" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "кінәлі адамның татуласу құқығын" деген сөздер "қылмыс жасаған адамның татуласу құқығын, негіздері мен тәртібін" деген сөздермен ауыстырылсын.

12. 9-тармақта:

екінші абзацтағы "кінәлі адаммен" деген сөздер "қылмыс жасаған адаммен" деген сөздермен ауыстырылсын.

13. 10-тармақта:

бірінші абзацтағы "кінәлі адаммен" деген сөздер "қылмыс жасаған адаммен" деген сөздермен ауыстырылсын.

14. 12-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Адамның өліміне душар еткен немесе денсаулығына ауыр зиян келтірген орташа ауырлықтағы қылмыстық істер бойынша ҚҚ-нің 67-бабының 2-бөлігі қолданылуы мүмкін. Өлімге душар етуге байланысты қылмыстық істер бойынша, ҚІЖК-нің 75-бабының 11-бөлігіне сәйкес, қылмыспен моральдық зиян келтірілген және ҚҚ-нің 67-бабымен көзделген негіздер болған жағдайда, осы қылмысты жасаған адаммен татуласу құқығы соларға жататын жәбірленушілер қайтыс болған адамның жақын туыстары болып таныла алады.".

15. 13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Заңға сәйкес ҚҚ-нің 67-бабының 1-бөлігінде көзделген норманы, қылмыстық қудалау органдары мен сот адамды қылмыстық жауапкершіліктен босату үшін негіздер жиынтығы болған жағдайда, қолдануға міндettі".

16. Мынадай мазмұндағы 13-1 және 13-2-тармақтармен толықтырылсын:

"13-1. ҚҚ-нің 67-бабының 2-бөлігінде көзделген заңның нормасын қолдану міндettі емес (факультативтік) болып табылады. Сот, прокурор, сондай-ақ тергеуші мен анықтау органы прокурордың келісімімен сотқа дейін іс жүргізу сатысында қылмыстың барлық мән-жайларын және сезіктінің, айыпталуышының (сottалуышының) жеке басын ескере отырып осындағы босатуды өз қалауы бойынша қолдануға құқылы.

Бұл орайда жәбірленушінің кінәлімен татуласқандығынан басқа әрекеттің сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, кінәлінің жеке басы, қылмыстан туындаған салдарлар және істің басқа да елеулі мән-жайлары ескерілуге тиіс.

Өлімге душар еткен немесе денсаулығына ауыр зиян келтірген салдарлар өзінен-өзі ҚҚ-нің 67-бабының 2-бөлігін қолдану үшін бөгет болып табылмайды, алайда кінәліні қылмыстық жауапкершіліктен босату туралы шешім қабылдау кезінде істің басқа да мән-жайларымен қатар сезіктінің, айыпталуышының (сottалуышының) жеке басы туралы деректер де ескерілуге тиіс.

13-2. Адам кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыстармен бірге ауыр немесе ерекше ауыр қылмыстар жасаған жағдайларда да, егер ол кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмыстар бойынша жәбірленушілермен татуласқан болса, заңмен көзделген негіздер жиынтығы бар болғанда ҚҚ-нің 67-бабының қолданылуына шектеу қойылмайды.

Бұл орайда ауыр немесе ерекше ауыр қылмыстар бойынша іс жүргізу ҚІЖК-не сәйкес жалғасады.

Кішігірім немесе орташа ауырлықтағы қылмыстар сыйбайласып жасалған жағдайларда ҚҚ-нің 67-бабының қолданылуы тек қана жәбірленушімен татуласқан адамдарға қатысты қолданылуы мүмкін. Жәбірленушімен татуласуға қол жеткізбеген қылмысқа қатысушы сыйбайластарға қатысты іс өндірісі ҚІЖК-не сәйкес жалғасады.

Адам кішігірім немесе орташа ауырлықтағы бірнеше қылмыстар жасаған жағдайларда, оның жәбірленушімен татуласуының жекелеген эпизодтары бойынша ҚҚ-нің 67-бабы қолданыла отырып, қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы мүмкін. Қылмыс жасаған адамды айыптаудың жәбірленушімен татуласуға қол жеткізілмеген қалған эпизодтары бойынша іс өндірісі ҚІЖК-не сәйкес жалғасады".

17. 14-тармақта:

бірінші абзац "барлық адамдарды" деген сөздерден кейін үтір қойылып, "(соның ішінде және заңды тұлғалардың)" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы бірінші сөйлем алынып тасталсын, "кінәлі адам" деген сөздер "қылмыс жасаған адам" деген сөздермен ауыстырылсын.

18. 15-тармақта:

бірінші абзацтағы "кінәлі адамды" деген сөздер "қылмыс жасаған адамды" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "кінәлі" деген сөз алынып тасталсын.

19. 16-тармақта:

бірінші абзацтағы "кінәлі адамға" деген сөздер "қылмыс жасаған адамға" деген сөздермен ауыстырылсын, "кінәлі" деген сөз алынып тасталсын.

20. 17-тармақта:

бірінші абзацын екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Онда сондай-ақ ауырлық дәрежесі бойынша әрекетке қылмыс санатының көрсетілуімен заңды баға берілуге, болған татуласудың еріктілігі аталып өтуге, келтірілген зиянның есесін толтырудың нақты қалай жасалғаны көрсетілууге, ал өлімге душар етуге немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтіруге байланысты емес қылмыс жасаған адамға ҚҚ-нің 67-бабының 1-бөлігін қолдану жағдайларында, сонымен бірге адамның осы қылмысты бірінші рет жасап отырғаны расталуға тиіс".

21. 18-тармақта:

бірінші абзац "сотта" деген сөзден кейін "үкім шығару үшін сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін" деген сөздермен толықтырылсын;

"татуласу үшін жоғарыда атап көрсетілген шарттар жиынтығы" деген сөздер "жәбірленушімен татуласуға байланысты адамды қылмыстық жауапкершіліктен босату үшін заңмен көзделген негіздер жиынтығы" деген сөздермен ауыстырылсын.

22. 19-тармақта:

бірінші абзацтағы "ҚІЖК-нің 438-бабына" және "кассациялық" деген сөздер "ҚІЖК-нің 405, 410, 412-баптарына, 415-бабының 3-бөлігінің 1-тармағына және 467-бабының 7-бөлігіне" және "апелляциялық" деген сөздермен ауыстырылсын.

23. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына енгізіледі және жалпыға бірдей міндетті болып табылады әрі ол ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының Төрағасы

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Сотының судьясы,

жалпы отырыс хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК